

«Туған жер» фотоконкурсын өткізудің ережесі

1. Конкурстың міндеттері мен мақсаты.

Мақсаты: балалар мен жасөспірімдер арасында фотосуретті кең тарату, оқушылардың белсенді өмір қағидасын және патриоттық тәрбиесін қалыптастыру.

Міндеттері:

- фотосурет өнеріне қызығушылыққа баулу;
- дарынды балаларды анықтау;
- балалардың фотосурет өнеріне қызығушылығын дамыту, қоршаған ортаға эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу;
- балалар шығармашылығын қолдау;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтенуі;
- туған жерге деген патриотизм сезімін тәрбиелеу.

2. Конкурс қатысушылары.

Қаланың білім беру мекемелерінің **7 - 18** жас аралығындағы оқушылары.

3. Өткізу орны мен уақыты: М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы, 1 Май к-сі, 27.

Уақыты: **11.11.17 – 12.01.18.**

Конкурс өткізу тәртібі. Фотосуретті қабылдау **11.11.17** по **08.01.18.**

Қазылар алқасының жұмысы **09.11.17-11.01.18.** Жеңімпаздарды марапаттау: **12.01.18.**

Дипломдар мен сертификаттар электрондық пошта арқылы электрондық түрде жіберіледі.

4. Жұмысты ресімдеу:

Конкурсқа арналған фотосуреттер электрондық түрде мына мекенжай бойынша қабылданады **luch_studio@mail.ru**. Жұмыспен бірге міндетті түрде қатысушының өтінімімен мәтіндік құжат қоса жіберілуі тиіс (1 қосымша).

Бір автор 3 фотосуретке дейін жібере алады.

5. Фотосуретке қойылатын талаптар:

Кез келген дереккөзде түсірілген муреттер қабылданады (цифрлық фотоаппарат, ұялы телефон, планшет және т.б.)

Фотосуретті конкурсқа қатысушының өзі түсіруі шарт. Түсірген күні анық көрсетілуі тиіс!

2017 жылы түсірілген жұмыстар қабылданады.

Ғаламтор жүйесінен алынған фотосуреттер қабылданбайды!

Аздап өңдеуге болады.

Жұмысты бағалау кезінде сюжеттің мазмұндылығы мен ерекшелігі, сонымен бірге орындау шеберлігі ескеріледі (ракурсты таңдауы, горизонт және жарықтандыру деңгейін сақтауы, түсіру параметрінің дұрыстығы: диафрагма, ұсталым, ISO мәні).

Заявка

№	Имя, фамилия участника	Школа, класс	Название работы	Сотовый телефон
1				
2				
3				